

**Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
«Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ**

«БЕКІТЕМІН»

**«Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе
өңірлік университеті» КеАҚ
Басқарма мүшесі – Әлеуметтік және
тәрбие жұмысы жөніндегі проректор**

 **Н.Е.Қартжан**
« » 2025 жыл

**Студенттік өзін-өзі басқару туралы
ЕРЕЖЕ**

**Қызметтік қолданысқа арналған басылым
Ақтөбе, 2025 ж.**

АЛҒЫ СӨЗ

ӨЗІРЛЕТІН

Жастар ісі жөніндегі комитет төрағасы



Н.Ж. Куанышев

ҚОЛДАНУ МЕРЗІМІ: жана ережеге ауысқанша дейін.

ЕНГІЗІЛДІ: 2.0. нұсқа

Осы ереже Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің басқарма
Төрағасы – Ректорының рұқсатынсыз толық немесе ішінара болуы, ресми
басшылығи ретінде таралуы мүмкін емес.
Осы ереже Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің басқарма
Төрағасы – Ректорының рұқсатымен ғана үшінші тұлғаларға беріледі.

I. Жалпы ережелер

1.1. Осы ережеде пайдаланылатын негізгі ұғымдар

1.1.1. Жұбанов университетінің студенті – дағдыларды меңгеруге ұмтылған, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті бола алатын, білім ордасының мәдениетін бойына сіңірген, университетті мақтан тұтатын ХХІ ғасырдың тұлғасы.

1.1.2. Студенттік өзін-өзі басқару жүйесі - Студенттік үкімет (бұдан әрі - үкімет) атынан ұсынылған, ол өз қызметін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Нормативтік-құқықтық актілеріне, Университет Жарғысына, осы Ережеге, Ректордың бұйрықтарына сәйкес жүзеге асырады.

1.2. Осы Ереже Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетіндегі студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының құрылуы, қызметі, ұйымдастырылуы мен басқарылуына байланысты туындайтын қатынастарды реттейді және олардың құқықтары мен мақсат-міндеттерін айқындайды.

1.3. Студенттік ұйымдар өз қызметінде келесі құжаттарды басшылыққа алады:

- 1) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III ҚР «Білім туралы» Заңы (19.04.2019 жыл өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);
- 2) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 9 ақпандағы №285-V ҚР «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңы
- 3) Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің тәрбие жұмысының тұжырымдамасы;
- 4) Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Академиялық адалдық ережесі;
- 5) Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Ішкі тәртіп ережесі;
- 6) Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің студенттері мен оқытушы-профессор құрамының Ар-намыс кодексі.

II. Студенттік Үкімет қызметінің негізгі мақсаттары мен бағыттары

2.1. Студенттік Үкімет (бұдан әрі – Үкімет) университеттің оқу-тәрбие жұмысы жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады және білім алушылардың өзін-өзі басқаруын іске асыратын негізгі өкілді орган болып саналады.

2.2. Үкіметтің негізгі мақсаттары:

- студенттік ортада туындайтын әлеуметтік, академиялық және тұрмыстық мәселелерді білім алушылардың өз күшімен шешу тетіктерін қалыптастыру және дамыту;
- студенттердің университетті басқару үдерістеріне қатысуын қамтамасыз ету және олардың бастамаларын әкімшілікке жеткізу;

2.3. Үкіметтің негізгі міндеттері:

- студенттердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, олардың пікірін университет деңгейінде білдіру;

- демократиялық құндылықтар мен өзін-өзі басқару мәдениетін қалыптастыру, студенттік ортада ашықтық пен жауапкершілікті дамыту;

- салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыруға және университеттің басқару органдарымен бірлесіп жүзеге асыруға жәрдемдесу;

- студенттерді университеттің қызметі, қабылданатын шешімдер мен жүзеге асырылатын жобалар туралы уақтылы және толық ақпаратпен қамтамасыз ету.

2.4. Студенттік Үкімет қызметі төмендегі негізгі құндылықтарға негізделеді:

- Заң мен тәртіп – Қазақстан Республикасының заңнамасын, Университеттің ішкі тәртіп ережелерін және академиялық адалдық қағидаттарын бұлжытпай сақтау, студенттік ортада құқықтық мәдениет пен тәртіпті нығайту;

- Экологиялық жауапкершілік – қоршаған ортаға ұқыпты қарау мәдениетін қалыптастыру, экологиялық сананы дамыту және университет аумағында тұрақты даму қағидаттарын қолдау;

- Ұлттық болмысқа жанашырлық – ұлттық құндылықтарды, салт-дәстүрді, тіл мен мәдени мұраны құрметтеу, студенттер арасында ұлттық бірегейлікті нығайту;

- Академиялық адалдық – білім алу мен қоғамдық қызметте әділдік пен шынайылық қағидаттарын ұстану;

- Жауапкершілік – қабылданған шешімдер мен бастамалар үшін жеке және ұжымдық жауапкершілікті сезіну;

- Ашықтық және әділдік – студенттермен және университет әкімшілігімен өзара қарым-қатынаста жариялылық пен тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету;

- Құрмет және толеранттылық – әрбір студенттің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу, пікір алуандығын мойындау;

- Патриотизм және корпоративтік мәдениет – университет құндылықтарын дәріптеу, оның беделі мен имиджін нығайтуға үлес қосу;

- Бастамашылдық пен көшбасшылық – студенттердің белсенді азаматтық ұстанымын және көшбасшылық қасиеттерін дамыту;

- Қоғамдық пайдалы қызмет – университет пен қоғам дамуына бағытталған әлеуметтік маңызы бар бастамаларды қолдау.

III. Студенттік Үкіметтің құқықтары мен міндеттері

3.1. Студенттік Үкіметтің құқықтары:

- университеттің ішкі нормативтік актілерін әзірлеуге, жетілдіруге және толықтыруға қатысу, студенттік қауымдастықтың ұсыныстары мен бастамаларын енгізу;

- білім беру үдерісінің сапасын бағалау іс-шараларына қатысу, студенттердің пікірін ескеру тетіктерін қалыптастыру;

- студенттердің қоғамдық, шығармашылық және әлеуметтік белсенділігін арттыру мақсатында ынталандыру жүйесін әзірлеуге бастамашылық жасау;

- университет басшылығының бұйрықтары мен шешімдеріне Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Университеттің ішкі тәртібіне сәйкес белгіленген тәртіппен шағымдану.

3.2. Студенттік Үкіметтің міндеттері:

- студенттер арасында университет мүлкіне ұқыпты әрі жауапкершілікпен қарау мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету;

- оқу аудиторияларында, университет аумағында және студенттер үйінде тәртіп пен қоғамдық нормалардың сақталуын нығайтуға бағытталған жұмыстарды ұйымдастыру;

- студенттік активтің қызметін жүйелеу мақсатында айына кемінде екі рет жалпы жиналыстар өткізу, қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау.

IV. Үкіметтің құрылымы

4.1. Студенттік Үкіметтің құрылымына мыналар кіреді:

- Студенттік Президент
- Студенттік министрліктер;
- Студенттік Сенат;
- Студенттер үйінің тәртіптік кеңес мүшелері;
- Студенттік Мәжіліс.

4.2. Студенттік Үкіметтің Президенті – университет студенттері арасынан тікелей сайлау арқылы бір оқу жылына сайланатын, Студенттік Үкіметтің жоғары лауазымды өкілі, студенттік өзін-өзі басқару жүйесінің қызметіне жалпы басшылық жасайтын және студенттердің мүддесін университет әкімшілігі алдында білдіретін тұлға.

4.2.1. Үкімет Президентінің міндеттері:

- Студенттік Үкіметтің қызметіне жалпы басшылық жасау;
- Үкімет құрылымдарының жұмысын үйлестіру;
- Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау;
- Университет әкімшілігімен өзара іс-қимылды жүзеге асыру.

4.3. Студенттік Үкімет құрамындағы министрліктердің тізімі:

1. Ішкі саясат министрлігі;
2. Студенттік спорт және денсаулықты сақтау министрлігі;
3. Студенттік ғылым және білім министрлігі;
4. Студенттік мәдениет және ақпарат министрлігі;
5. Студенттік әлеуметтік қорғау және экологиялық ағарту министрлігі.

4.3.1. Министрлердің міндеттері – Министрлікке бекітілген клубтар мен өз бағыттарының қызметін жүйелі ұйымдастыру, үйлестіру және дамыту, сондай-ақ іс-шараларды жоспарлау мен жүзеге асыру.

4.4. Студенттік Сенат факультеттер деңгейінде сайланып студенттердің оқу үдерісіне қатысты мәселелерін қарастырады, білім алушылардың ұсыныстары мен пікірлерін жинақтап, оларды Үкімет пен университет басшылығына жеткізуді қамтамасыз етеді.

4.5. Клуб жетекшілері студенттік клубтардың қызметіне басшылық жасайды, жылдық және ағымдағы іс-шаралар жоспарларын әзірлейді және оларды Студенттік Үкімет Президентімен келіседі.

V. Студенттік ұйымдардың құқықтары мен міндеттері

5.1. Университеттік деңгейдегі студенттік ұйымдар құқылы:

- осы Ережеге сәйкес бекітілген құжаттар негізінде студенттік ұйым ретінде құрылуға;
- өздерінің бекітілген ережелері шеңберінде қызметін жүзеге асыруға және жалпы университетішілік рейтингке қатысуға;
- алқалы жиналыстарға қатысуға, дауыс беруге және ұсыныстар енгізуге;
- мемлекеттік және орыс тілдерінде ұйымның толық атауы көрсетілген эмблемаға ие болуға;
- жоспарлы және жоспардан тыс жиналыстар өткізуге;
- филиалдар ашуға, басқа университеттермен және студенттік ұйымдармен байланыс орнатуға, өңіраралық ынтымақтастықты дамытуға, бірлескен іс-шаралар мен жобаларды жүзеге асыруға;
- бекітілген қызметтерді жүзеге асыру үшін демеушілерді тартуға және университет тарапынан қолдау алуға;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін және Университеттің имиджіне нұқсан келтірмейтін қауымдастықтар мен одақтарға жастар ісі жөніндегі комитет төрағасының келісімімен кіруге, сондай-ақ олардың ресурстарын пайдалануға;
- жыл сайын Университетке жаңадан қабылданатын білім алушыларды ұйым қызметіне тарту мақсатында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуге, университеттік жәрмеңкелерге қатысуға және университеттік ресурстарды пайдалануға;
- ұйым басшылары мен мүшелерінің еңбегін бағалау мақсатында үздік қатысушыларды марапаттауға ұсынуға.

5.2. Факультет деңгейіндегі студенттік ұйымдар құқылы:

- осы Ережеге сәйкес бекітілген құжаттар негізінде студенттік ұйым ретінде құрылуға;
- бекітілген ережелеріне сәйкес қызметін факультет деңгейінде жүзеге асыруға;
- мемлекеттік және орыс тілдерінде ұйымның толық атауы көрсетілген эмблемаға ие болуға құқылы.

5.3. Университеттік студенттік ұйымдар міндетті:

- Қазақстан Республикасының заңнамасын, Университеттің ішкі нормативтік-құқықтық актілерін және осы Ережеде көзделген талаптарды сақтауға;
- студенттер арасында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды насихаттауға;
- Университеттің абырой-беделіне нұқсан келтірмеуге;
- студенттердің тұлғалық дамуына, өмірлік маңызы бар дағдыларды қалыптастыруына жағдай жасауға;

- Университетте қалыптасқан студенттік дәстүрлерді сақтауға және дамытуға, азаматтық мәдениет пен белсенді ұстанымды қалыптастыруға, студенттердің әлеуметтік жетілуі мен дербестігін, өзін-өзі дамытуы мен кәсіби-шығармашылық әлеуетін ашуға жағдай жасауға;

- Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаменті мен жастар ісі жөніндегі комитеттің тапсырмаларын уақтылы орындауға;

- аяғына кемінде бір рет ұйымның жалпы жиналысын өткізіп, оның хаттамасын жастар ісі жөніндегі комитетке ұсынуға;

- оқу жылының I жартыжылында және оқу жылының қорытындысы бойынша есеп беру жиналыстарын өткізіп, тиісті есептерді жастар ісі жөніндегі комитетке тапсыруға;

- оқу жылына арналған жұмыс жоспарын әзірлеп, оның орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

5.4. Факультеттік студенттік ұйымдар міндетті:

- Қазақстан Республикасының заңнамасын және Университеттің ішкі нормативтік-құқықтық актілерін сақтауға;

- студенттер арасында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды насихаттауға;

- Университеттің абырой-белгісіне нұқсан келтірмеуге;

- факультет деңгейінде студенттердің тұнғалық дамуына және өмірлік манызды дағдыларды қалыптастыруына жағдай жасауға;

- оқу жылының I жартыжылында және оқу жылының қорытындысы бойынша есеп беру жиналыстарын өткізіп, есептерді студенттік сенаторларға ұсынуға;

- оқу жылына арналған жұмыс жоспарын әзірлеп, оның орындалуын қамтамасыз етуге.

5.5. Студенттік ұйымдарды қолдау және ынталандыру шаралары

5.5.1. Студенттік ұйымдардың белсенді мүшелерін қолдау және ынталандыру мақсатында Университет тарапынан мынадай шаралар қолданылуы мүмкін:

- іссапарларға жіберу;

- оқу ақысына жеңілдіктер ұсыну;

- жатақханамен қамтамасыз ету немесе басымдық беру;

- демалушылық және өзге де материалдық қолдау түрлерін көрсету;

- аяғыс хаттармен, дипломдармен және өзге де көтермелер түрлерімен марапаттау.

5.5.2. Факультеттік студенттік ұйымдардың мүшелеріне аталған қолдауларды татайымды мәселесін тиісті факультет акімшілігі белгіленген тәртіппен қарайды және бекітеді.

5.5.3. Университеттік деңгейдегі студенттік ұйымдардың мүшелерін аталған қолдауларды татайымды мәселесін Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаменті (немесе уәкілетті құрылымдық бөлімше) Университеттің ішкі тәртібіне сәйкес қарайды.

VI. Өзгертулер енгізу тәртібі

- 6.1. Осы Ережені әзірлеу, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Университет Жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.
- 6.2. Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстарды университет әкімшілігі, Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаменті мен Жастар ісі жөніндегі комитеті енгізуге құқылы.
- 6.3. Осы Ережеге енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар Университеттің тиісті бұйрығымен бекітіледі және бекітілген күннен бастап күшіне енеді.
- 6.4. Осы Ережені іске асыру студенттер арасында қоғамдық белсенділігі жоғары, дербес ұстанымы бар бастамашыл жастарды қалыптастыруға, олардың азаматтық жауапкершілігін арттыруға бағытталады.
- 6.5. Осы Ереженің қолданылуы Университеттің имиджін нығайтуға, студенттердің жеке дамуына жағдай жасауға, олардың бағыт-бағдарын айқындауға, тұлғалық жетілуіне, шығармашылық және өнерпаздық қабілеттерін дамытуға, сондай-ақ сапалы білім алуына кедергі келтірмеуге бағдарланады.

VII. Қорытынды ережелер


- 7.1. Осы Ереже Университеттің тиісті бұйрығымен бекітілген күннен бастап күшіне енеді.
- 7.2. Осы Ереженің орындалуын бақылау Университеттің әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректорына жүктеледі.
- 7.3. Осы Ереже Университеттің барлық студенттері мен студенттік ұйымдары үшін міндетті болып табылады

КЕЛІСІЛДІ:

Әлеуметтік мәселелер және жастар
саясаты департаментінің директоры

Басқарма мүшесі, әлеуметтік және тәрбие
жұмыстары жөніндегі проректор

Заңгер



Б.К. Олжабаев

Н.Е. Қартжан

Л.Б. Алиманова